

Сырдария ауданы елді мекендерінің шекараларын (шектерін) белгілеу және өзгерту туралы

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 332 қаулысы және Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 160 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 қаңтарда № 6130 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 21.08.2023 № 221 қаулысымен және Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 21.08.2023 № 50 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы кодексіне, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Осы бірлескен қаулының және шешімнің қосымшасына сәйкес Сырдария ауданы елді мекендерінің шекаралары (шектері) белгіленсін және өзгертілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 21.08.2023 № 221 қаулысымен және Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 21.08.2023 № 50 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Айдарлы, Бесарық, Ақжарма, Іңкәрдария, Қоғалыкөл, С.Сейфуллин, Шаған, Шіркейлі, Қалжан ахун, Жетікөл, Токмағанбетов, Құндызды, Аманкелді, Н.Илиясов елді мекендерінің қайтадан анықталған шекараларын белгілеу туралы" 2010 жылғы 05 наурыздағы бірлескен № 98/231 Сырдария ауданы әкімдігінің қаулысы мен Сырдария аудандық мәслихаты шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №10-8-115 тіркелген, 2010 жылғы 14 сәуірде "Тіршілік тынысы" газетінің №29 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сырдария ауданының әкімі:

Ғ.Қазантаев

*Сырдария аудандық мәслихатының
кезекті 17 сессиясының төрағасы:*

Ж.Налибаева

*Сырдария аудандық
мәслихатының хатшысы:*

Е.Әжікенов

Сырдария ауданы елді мекендерінің шекаралары (шектері)

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 21.08.2023 № 221 қаулысымен және Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 21.08.2023 № 50 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Елді мекендер атауы	Жалпы көлемі (гектар)	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері, гектар	Оның ішінде (гектар):						Басқа да жерлер
				Ауыл шаруашылығы алқаптары						
				егістік	көп жылдық екпелер	тынайған жер	шабындық	бақша	жайылымдар	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Ақжарма ауылдық округі Ақжарма ауылы	676,0	332,0	-	-	-	-	124,0	208,0	344,0
2	Айдарлы ауылдық округі Айдарлы ауылы	731,0	508,0	-	4,0	-	-	208,0	296,0	223,0
3	Аманкелді ауылдық округі Аманкелді ауылы	1010,0	728,0	-	-	-	-	160,0	568,0	282,0
4	А.Тоқмағанбетов ауылдық округі А.Тоқмағанбетов ауылы	430,0	271,0	-	-	-	-	89,0	182,0	159,0
5	Бесарық ауылдық округі Бесарық ауылы	438,0	250,0	-	4,0	-	-	95,0	151,0	188,0

6	С.Сейфуллин ауылдық округі С.Сейфуллин ауылы	519,0	318,0	-	-	-	-	75,0	243,0	201,0
7	Н.Илиясов ауылдық округі Н.Илиясов ауылы	523,0	246,0	-	-	-	-	34,0	212,0	277,0
8	Қалжан ахун ауылдық округі Қалжан ахун ауылы	228,0	158,0	-	-	-	-	60,0	98,0	70,0
9	Қоғалық өл ауылдық округі Қоғалық өл ауылы	797,0	670,0	-	4,0	-	-	149,0	517,0	127,0
10	Шіркейлi ауылдық округі Шіркейлi ауылы	660,0	448,0	-	-	-	-	113,0	335,0	212,0
11	Шаған ауылдық округі Шаған ауылы	992,0	803,0	-	-	-	-	291,0	512,0	189,0
12	Інкәрдария ауылдық округі Інкәрдария ауылы	324,0	198,0	-	-	-	-	12,0	186,0	126,0
13	Жетікөл ауылдық округі Жетікөл ауылы	501,44	353,7	-	-	-	-	65,0	288,7	147,74

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК